

ҚАРАПАЙЫМ МЕТАЛЛУРГТЕН – ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ЕЛБАСЫ

Тілеубек А.М.
Ғылыми жетекшісі: Солтан М.С. аға оқытушы
Қарағанды Индустриялық Университеті
tleubek04@internet.ru

1991 жылы Қазақстан жаңа тұсауын кесіп, тәй-тәй басып, қадамын ақырын салып келе жатқан дамушы елдердің бірі болса, ал қазір 30 жылдық күнтізбеден соң, еңсемізді тіктеп, бойымыздағы бодандық пен бұғауды алып тастаған, тереземіз басқа елдермен теңескен дамыған елдер қатарындамыз. Картада Азияның жүрегінен орын алуымыз, мен Қазақстандықпын деп көкірегімізді мақтаныш сезімі кернеп тұрып айтуымыздың себепкерлерінің бірі ол әрине- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Қазіргі таңда елбасымыздың еңбегіне әлем жұртшылығы таңдана да тамсана қарайды. Оның ерекше идеялары мен тапқыр да өтімді сөздері әлем басшыларының назарында. Ол Қазақ мемлекетін әлемге- ядролық қарудан бас тартқан , бейбіт өмірді қалайтын мемлекет ретіне көрсеткен болатын. Басшымыздың арқасында 1991 жылдан бері көптеген реформалар мен саяси , экономикалық жаңғыртулар жүзеге асты. Оның көрегенділігі , кез-келген істің жолын таба алатындылығы, мемлекетіміздің гүлденуіне үлкен үлесін қосты.

Көгінде қыраны еркін қалықтаған, тамыры тереңге созылған ұлтарактай өлкені әлемдік трибунада естірте білген елбасымыз еңбек жолын Теміртау қаласында бастағанынан хабарыңыз бар ма ?

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы металлургиямен байланысты екені бәрімізге мәлім. Оның өзі де әлі күнге дейін металлургия арқылы мінезін шынықтырғанын айтуда.



Горновой(көрікші) Н.Назарбаев. Теміртау қ., 1960 ж.

1960ж. Нұрсұлтан Назарбаев Қарағанды металл комбинатында [1]

Металлург күні қарсаңынла Теміртау қаласында орналасқан Елбасымыздың музейі Нұрсұлтан Назарбаев туралы тың деректерді жариялап отырады.

1950 жылдары Қазақстанда Бүкілодақтық екпінді құрылыс жарияланды. Бұл құрылысқа Кеңес одағының түкпірінен көптеген ерікті жастар шақырылған болатын және сол жастардың ішінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевта болды.

Жолдаманы алған елбасымыз маңдай терімен жұмыс істеу үшін , құрылысқа көмек беріп, құрыш құю үшін Теміртау қаласына аттанады. Алғашқы екі айда Токаревка селосынағы жатақханада тұрады.

Ол №8 кәсіби-техникалық училищені бітірген соң сегізінші дәрежелі домна пешінің горновойы болады.

Теміртауға оралғаннан кейін Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбек жолының «отты» кезеңі басталады.

Баршамызға мәлім өткен ғасырдың 60-жылдарында Қазақстан мен Орталық Азияда ең алғашқы пештердің бірі іске қосылды. Бұл Қарағанды металлургия зауытының өмірге келген күні болып табылды. Шойын қорыту үшін ең таңдаулы мамандар шақыртылып, оның ішінде Елбасымыз да болды.



Горновойлар бригадасы. Теміртау қ., 1960 ж.

1960 жылғы Қарағанды металл комбинатының жұмысшылары [2]

Жұмыстың қиыншылығы орасан зор болды. Көптеген жұмысшылар өз жұмыстарын тастай қашты. Алайда жас кезінен еңбекке жетілген жас Нұрсұлтанға бұл кедергі бола алмады. Қасындағы жолдастары есінен танып, қатты ыстыққа төзе алмай жатқанда, Нұрсұлтан өзіне былай деп уәді берді: -қандай жағдай болмасын мен жарты жолда кетпеймін. Өз жұмысымды абыроймен аяқтаймын!

Алдыңғы қатарлы жұмысшы Назарбаев съездер мен жастар фестивальдеріне комбинат атынан жіберіліп тұрды. Өндіріс үздігі Нұрсұлтанның суреті баспасөзде де басылды. Жас металлург жұмысында үлкен құрмет пен беделге ие болды. Сонымен бірге, ол кәсіби тұрғыда өсу қажеттігін де естен шығармады.

Жұмыс орны берген жолдама бойынша ол Қарағанды политехникалық институтына түсетін болды. Ол онда Теміртаулық талапкерлерден тұратын қара және түсті металл өндірісі тобында тәлім алады. Бұл оқу орны өз жұмысының майталманы болуына үлкен үлесін қосқан болатын.

Н.Ә.Назарбаев Қарағанды политехникалық институтында 3 жыл оқып, одан соң Теміртауда Қарағанды металлургия зауыты жанынан қайта құрылған зауыт-втузға ауыстырылды

Главное управление трудовых резервов
при Совете Министров СССР

СВИДЕТЕЛЬСТВО № 1672
ОТЛИЧНОМ

Выдано гр. Назарбаеву Нурсултану

в том, что он окончил полный курс технического училища № 82 Днепропетровской обл. (города, области, края, республики) по специальности второй горновой

Решением экзаменационной комиссии гр. Назарбаеву Н. присвоена квалификация **второй горновой восьмого разряда**

Председатель экзаменационной комиссии [подпись]

Директор технического училища [подпись]

м. п. Выдано 26 апреля 1966 г.

За время обучения в техническом училище с 26. XI 1958 г. по 26. IV 1966 г. гр. Назарбаев Н. изучил перечисленные ниже предметы и показал по ним следующие оценки:

Наименование предмета	Оценка (прописью)
Производ. обучение	н5т6
Теоретический	н5т6
Общая металлургия	н5т6
Электротехника	н5т6
Химия	н5т6
Черчение	н5т6
История Кисе	н5т6
Физик. воспитание	н5т6
Поведение	н5т6

Выпускные квалификационные экзамены сданы с оценкой **н5т6**

Зам. директора училища по учебно-производственной работе [подпись]

Таш. Трудоэкономдата. Хохловская пер. 7. д. 1012543 Т. 20.000.

Днепродзержинск қ. №8 техникалық училищесін бітіргені туралы куәлік

Нұрұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Днепродзержинск училищесін бітіргені туралы куәләгі [3]

На рабочем месте горного цеха №8 Днепропетровской области.

Назарбаев Н.А. в 1960 году закончил обучение на металлургическом техникуме в г. Днепропетровске.

Продолжив обучение в цехе №8 Днепропетровского металлургического завода, получил квалификацию второго горнового цехового.

После окончания цеха работал в цехе №8 Днепропетровского металлургического завода.

В августе 1960 года был переведен на д.в. 8 I II горновым, образовательной расовой вступил в работу третьим горновым в мае 1961 года.

В октябре 1961 года г. Назарбаев Н.А. сдал экзамены на второго горнового, сдал работу и присвоил повелением г. Назарбаев вступил в работу в должности второго горнового цехового.

Эта квалификация ему была присвоена 16 декабря 1961 года.

Назарбаев работает в цехе №8 Д.В. 8 I II. Активно участвует в общественной работе, является членом комитета цехового цеха и завода. С этой работой справляется очень хорошо.

Г. Назарбаев пользуется заслуженным авторитетом в коллективе цехового цеха и завода. Уверены, что из него выйдет хороший инженер-металлург.

Зарегистрирован для дальнейшего в институте.

Инженер-металлург [подпись]

Инженер-металлург [подпись]

Инженер-металлург [подпись]

20/10-61.

Институтқа ұсыну үшін
Н.Ә. Назарбаевтың ұсыным-
мінездемесі. Желтоқсан, 1964 ж.

Нұрсұлтан Назарбаевтың Қарағанды политехникалық институтына қабылдану үшін жазған мінездемесі [4]

Өзінің айтуы бойынша президенттік қырларын ашуға көмектескен мекеме болса ол осы университет деп айтады.

Міне құрыштай мінезін жетілдіріп, президенттік деңгейге жеткен Елбасымыз туралы әлем лидерлары былай дейді:

Владимир Путин Ресей Федерациясының президенті

«Нұрсұлтан Әбішұлы — саясатта көптен, Кеңес дәуірінен келе жатқан тұлға. Мені қатты таңғалдыратыны — оның заман тынысын тап басып танитыны. Бұл қасиет — бүгінгі әлемді дөп басып сезіне алатын қасиет оған қайдан дарыған? Ол адал да әділ. Бір мәселелерді талқылағанда, әрдайым қатардағы адамдарға бұл қалай тиеді деп ойлап тұрады. Бұл жеке адамға, қарапайым отбасылар өміріне қалай әсер етеді?

Дональд Трамп Америка Құрама Штаттарының Президенті

Мен Президент мырзаға ЭКСПО-2017 арқылы энергетикалық қауіпсіздік мәселелері бойынша жаһандық үнқатысуды ілгерілетудегі көрегендігі мен көшбасшылығы үшін ризашылығымды білдіремін. Өзара құрмет пен ортақ мүдделерге негізделген АҚШ пен Қазақстан арасындағы стратегиялық әріптестіктің әрі қарай нығая түсетініне үміттенемін.

Реджеп Тайып Эрдоған Түрік Республикасының Президенті

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев – өз елі үшін жіне түрік елдері үшін аса көрнекті тұлғалардың бірі. Біз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамаларын әрқашан қолдаймыз. Оның өз елі үшін де басқа елдер үшін де жасаған еңбегі орасан зор.

Си Цзиньпин Қытай Халық Республикасының Төрағасы

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында екі ел арасындағы қарым-қатынас өте мықты. Бұл үшін Президент Назарбаев аянбай еңбек етті. Қытай елі Назарбаевты жақсы біледі және аса құрметтейді. [5]

Пайдалаған әдебиеттер:

- 1 ҚарИу архивінен
- 2 ҚарИу архивінен
- 3 Теміртау қаласындағы өмірі. ҚарИу архивінен
- 4 Институтқа қабылдау мінездемесі. ҚарИу архивінен
- 5 <https://elbasylibrary.gov.kz/kk/world-about-elbasy>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Умаров Т.Б.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., профессор Өскембаев Қ.С.

Еуразия гуманитарлық институты

umarovtojlybek@gmail.com

Тәуелсіз Қазақстанның тарихы, оның мемлекеттік институттарының нығаюы, халықаралық сахнада танылуы, елдің әлеуметтік-экономикалық жетістіктері, ұлттың рухани және мәдени қайта жаңғыруы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың есімімен байланысты.

Өзінің еңбекқорлығы мен ұйымдастырушылық қабілеттерінің арқасында Н.Ә. Назарбаев металлургия зауытының қарапайым жұмысшысынан бастап мемлекет басшысына дейінгі еңбек жолынан өтті. Өз қызметін республика халқына қызмет көрсетуге, оның өсіп-өркендеуі мен болашағын қамтамасыз етуге арнады.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы күндерінен-ақ Н.Ә.Назарбаев бұрынғы КСРО саясаткерлерінің ішіндегі беделді тұлғалардың бірі болды. Кейін Тәуелсіз Қазақстан